



## БҰЙРЫҚ

19.03.2018г

Ақтау қаласы

## ПРИКАЗ

№ 144

город Ақтау

### **Банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес және 2017 жылдың 1 қарашасындағы "ДК-Сервис" ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде,

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "ДК-Сервис" ЖШС-не Каримов Альберт Альбинович банкроттықты басқарушы болып тағайындалсын;
2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының талаптарына сәйкес банкроттықты басқарушының міндеттемесін орындау А.Каримовқа жүктелсін;
3. Банкроттықты басқарушы А.Каримов Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 19-бабы 4 тармағының талаптарын орындауды және оңалту рәсімдерінің жүргізілу барысы туралы ақпаратты, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етсін;
4. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімінің басшысы Ә.Ә. Әкімбаевқа жүктелсін;
5. Осы бұйрықтың бір данасы "ДК-Сервис" ЖШС-нің банкроттықты басқарушысы А.Каримовқа жолдансын.



Ә.Тілегенов